«AQNÌET»
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҒЫ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМА

ПАМЯТКА ПО ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЕ РАБОТНИКОВ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

НҰР-СҰЛТАН 2021

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМА

ПАМЯТКА ПО ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЕ РАБОТНИКОВ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

НҰР-СҰЛТАН 2021

Құқықтық қорғау жөніндегі жадынаманы «AQNÌET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы әзірледі.

Бұл құжат авторлық құқық объектісі болып табылады және "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалған.

Материалдарды кез келген пайдалануға, көшіруге немесе іріктеуге құқық иесінің рұқсатымен жол беріледі.

© ҚДСҚСК

Памятку по правовой защите разработал Казахстанский отраслевой профсоюз работников здравоохранения «AQNÌET».

Данный документ является объектом авторского права и защищен Законом Республики Казахстан «Об авторском праве и смежных правах».

Любое использование, копирование или подборка материалов допускается с разрешения правообладателя.

© КОПРЗ

«AQNÌET» КӘСІПОДАҒЫНЫҢ «МЕДИЦИНАЛЫҚ АДВОКАТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ»

Қазақстанда жыл сайын Қазақстан Республикасы **Қылмыстық кодексінің 317-323-баптары бойынша 600-800-ге жуық іс ашылады**. Алайда, барлық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық іс қозғалмайды. Әдетте, қозғалған қылмыстық істер дәлелденбегендіктен тергеу барысында жабылады.

2016-2019 жылдар аралығында ҚР ҚК 317-бабы бойынша соттарға **39 қылмыстық іс** келіп түсті. Аталған істердің 35-і 55 адамға қатысты үкім шығара отырып қаралды, соның ішінде соттардың қылмыс құрамы бойынша қараған қылмыстық істері: 317-бап, 1-бөлім - 3 іс/3 медицина қызметкері; 317-бап, 2-бөлім - 5 іс/7 медицина қызметкері; 317-бап, 3-бөлім - 21 іс/34 медицина қызметкері. **2020 жылы 6 медицина қызметкері** ҚР ҚК 317-бабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасады.

Жыл сайын ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 80-бабы бойынша **300-ге жуық іс қозғалады**. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің деректеріне сәйкес 2017 жылдың қорытындысы бойынша **3000-нан астам өтініш келіп түскен**, олардың 50%-ға жуығы медициналық көмектің сапасына шағымданған. Өтініштерді қарау нәтижесінде 430 әкімшілік хаттама толтырылып, 299 жеке тұлға, 87 лауазымды және 23 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Пациенттердің пайдасына 8,8 миллионнан астам теңге төленді. **2020 жылы 37 медицина қызметкеріне** қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 80, 81 және 82-баптары бойынша әкімшілік іс қозғалды.

Әкімшілік және қылмыстық процестер пациенттердің пайдасына, медициналық ұйымдардың немесе медицина қызметкерінің айтарлықтай материалдық өтемақы төлеуімен аяқталады. Қазіргі жалақы деңгейін ескере отырып, медицина қызметкері пациентке келтірілген залалды қаржылай өтей алмайды, бұл жағдайды одан сайын ушықтырады.

«AQNÌET» Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы (бұдан әрі – «AQNÌET» кәсіподағы) осы мәселені шешуге **кешенді тәсіл ұсынады**, атап айтқанда: заңнамалық акт деңгейінде медициналық және фармацевтикалық қызметкердің мәртебесі мен имиджін көтеру арқылы лайықты еңбек жағдайын жасау; жоғары жалақыны қамтамасыз ету; денсаулық сақтау саласында қылмыстық құқық бұзушылықтарды декриминализациялау; медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру жүйесін енгізу; тәлімгерлік институтын енгізу; оқыту семинарларын, оның ішінде коммуникативтік дағдыларды өткізу арқылы медицина қызметкерлерін құқықтық және қаржылық қорғау, құқықтық сауаттылықты арттыру.

Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің толық құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында «AQNÌET» кәсіподағы кәсіби адвокаттармен және білікті заңгерлермен, заңгерлер одақтарымен, бірлестіктермен және қауымдастықтармен өзара іс-қимыл жасайды.

Осыған байланысты «AQNÌET» КӘСІПОДАҒЫ, «МЕДИЦИНАЛЫҚ АДВОКАТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ аясында, қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, еңбек және басқа да сипаттағы мәселелерге тап болған кезде, жұмыс берушілермен және басқа заңды және жеке тұлғалармен қарым-қатынаста, құқық қорғау, сот органдары, мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлері алдында құқықтарын қорғау және мүдделерін білдіру үшін «AQNÌET» КӘСІПОДАҒЫНА ДЕРЕУ ЖҮГІНУДІ ҰСЫНАДЫ («жедел желі»: +7 (7172) 49-77-81; + 7 701 199 14 14).

Өкінішке орай, қылмыстық немесе әкімшілік қудалау кезінде денсаулық сақтау қызметкерлері көбінесе тергеумен жалғыз қалады. Осындай ҚУДАЛАУДАН ТИІМДІ ҚОРҒАУ үшін ҚР Қылмыстық іс-жүргізу кодексінің (ҚР ҚІЖК) 78, 208, 209, 210, 211, 212 баптарына сәйкес және өзге де ашық ақпараттық-құқықтық дереккөздердің мазмұнына сүйене отырып, «AQNÌET» Кәсіподағы КУӘ, КҮДІКТІ, АЙЫПТАЛУШЫ РЕТІНДЕ құқық қорғау органдарына жауап алуға шақырылған ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН ОСЫ ЖАДЫНАМАНЫ құрастырып, ұсынады. Бір қарағанда бұл өте қарапайым тергеу әрекеті секілді, бірақ сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асырушылар оны жүргізу кезінде жеке тұлғалардың құқықтарын айтарлықтай бұзуға жол береді. ҚР ҚІЖК сәйкес жауап алуды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруды - *тергеуші, анықтаушы, тергеу, жедел-тергеу тобы, прокурор* жүргізуге құқылы (ҚІЖК-нің 60, 63, 194, 58-баптары).

I. КУӘНІҢ ЖАУАП АЛУ КЕЗІНДЕГІ ҚҰҚЫҒЫ

ҚР ҚІЖК, 60-бап. «Тергеуші», **194-бап**. «Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуі»

Білуіңіз керек. Алдын ала тергеуді жүзеге асыратын немесе тергеу тобының мүшесі болып табылатын тергеуші ғана жауап алуға құқылы. Өзге адамның жауап алуға ешқандай құқығы жоқ.

Сіздің құқығыңыз. Егер жауап алуды тиісті емес тергеуші немесе тергеуші болып табылмайтын адам жүргізсе, куә мүлдем жауап бермеуге немесе мұндай жауап алуға шағымдануға құқылы.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Көбінесе іс жүзінде тергеушілер жұмыс жүктемесіне байланысты жауап алуды тергеушіге емес, жедел қызметкерлерге тапсырады, алайда тек тергеуші ғана жауап алуға құқылы.

ҚР ҚІЖК, 78-бап 1 б. Айғақтар беру үшін куә ретінде іс үшін маңызы бар қандай да бір мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам шақырылуы және одан жауап алынуы мүмкін.

Білуіңіз керек. Алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адам куә ретінде іс үшін маңызы бар мән-жайлар белгілі болуы мүмкін адамдарды ғана шақыруға міндетті.

Сіздің құқықтарыңыз. Егер куә ретінде шақырылған адамға іс үшін маңызы бар мән-жайлар белгісіз болса, онда ол куә болып табылмайды және ол бұл туралы тергеушіге мәлімдеуге құқылы.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Тергеушілер көбінесе іс үшін маңызды жағдайлар туралы ештеңе білмейтін адамдарды куә ретінде шақырады. Бұл тергеушілердің қылмыстық іс материалдарын талдамауына байланысты.

ҚР ҚІЖК, 78-бап 3 б. Куә өзінің, жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қудалауға әкеп соғуы мүмкін айғақтар беруден бас тартуға құқылы.

ҚР ҚІЖК, 214-бап 1 б., 214-1 б. 1. Жауап алу алдында тергеуші куәнің өзін, жұбайын, жақын туыстарын қылмыс жасады деп айыптайтын айғақтар беруден бас тартуға құқылы екенін түсіндіруге міндетті.

Білуіңіз керек. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алу алдында куәға айғақтар беруден бас тарту құқығын түсіндіруге міндетті.

Сіздің құқықтарыңыз. Куә 78 және 214, 214-1-баптарда көрсетілген айғақтардан бас тартуға құқылы. Тергеушілер бұл норманы жиі бұзатындығын мойындау керек.

ҚР ҚІЖК, 78-бап 3 б. Куә өзінің адвокатының қатысуымен айғақтар беруге құқылы.

Білуіңіз керек. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам Сізден жауап алуға қатысуға адвокатты жіберуге міндетті.

Сіздің құқықтарыңыз. Куә тергеушіден адвокаттың қатысуын қамтамасыз етуді және жауап алу уақытын кейінге қалдыруды сұрауға құқылы. Адвокаттың белгілеген уақытқа келмеуі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның куәдан жауап алуды жүргізуге кедергі болмайды.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Тергеушілер кейде куәлерге адвокаттарды тартпауды ұсынады, адвокаттарды тек айыпталушыларға қажет деп санайды. Тергеушілердің бұл ұстанымы адвокаттарды жауап алуға қатыстырғысы келмеуінен туындайды.

ҚР ҚІЖК, 78-бап. 2) С.4. Куә іс бойынша болғанның бәрін шынайы хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге міндетті.

Сіз сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның іс үшін маңызы бар сұрақтарды ғана қоюға құқылы екенін **білуіңіз тиіс**.

Сіздің құқықтарыңыз. Куә іс үшін маңызы жоқ айғақтар бермеуге құқылы.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Тергеушілер көбінесе іс үшін маңызды емес сұрақтар қояды. Бұл, біріншіден, тергеушінің істің мән-жайын білмеуінен туындайды. Екіншіден, тергеуші іспен байланысты емес қосымша ақпарат алғысы келеді.

ҚР ҚІЖК, 208-б. Куә жауап алуға шақыру қағазымен шақырылады, ол қолхат арқылы тапсырылады не өзге байланыс құралдарының көмегімен беріледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жазбаша шақыру қағазын ресімдеуге міндетті екенін **білуге тиіссіз**.

Сіздің құқықтарыңыз. Жазбаша шақыру қағазынсыз куәнің жауап алуға келмеуге құқығы бар.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Тергеушілер «басқа байланыс құралдары» деген сөздерді қате түсіндіреді және телефон қоңыраулары немесе SMS хабарламалар арқылы куәларды шақырады. Бұл әдістер заңсыз, өйткені заңда көзделмеген. Осындай қоңырау немесе SMS хабарламаларға сілтеме жасай отырып жұмыстан

сұрануға болмайды. Куәні тергеуші шақырды ма әлде қандай да бір әзілкеш шақырды ма анықтау мүмкін болмай қалады, мұндай шақыру фактісін дәлелдеу де қиын болады. Кейде олар қоңырау шалып басқа қалаға шакыра алады, егер куә басқа қалаға келсе және оған ешкім шақырмағаны туралы хабарласа не болар еді?

ҚР ҚІЖК, 209-бап 3 б. Жауап алу үздіксіз 4 сағаттан артық созыла алмайды. Жауап алуды жалғастыруға демалу және тамақтану үшін кемінде 1 сағат үзілістен кейін жол беріледі, бұл ретте жауап алудың бір күн ішіндегі жалпы ұзақтығы 8 сағаттан аспауға тиіс.

ҚР ҚІЖК, 209-бап 3-1 б. 1) жүкті немесе асырауында жас баласы бар әйел; 2) 58 жастағы және ол жастан асқан әйелдер; 3) 63 жастағы және ол жастан асқан ерлерден үздіксіз жауап алу 3 сағаттан, ал жауап алудың жалпы ұзақтығы - бес сағаттан аспауы тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өз кабинетінде куәнің болуы барысында жауап алуды жүргізуге және ол жерден ұзақ уақытқа кетпеуге міндетті екенін **Сіз білуге тиіссіз**.

Сіздің құқықтарыңыз. Егер тергеуші кабинетінен ұзақ уақытқа кетіп, куә өзі ғана қалған болса, онда куә жауап алу хаттамасында уақытты көрсетуге құқылы.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Көбінесе тергеушілер кеңседен шығып кетеді, ал куә жай орындықта отырып тергеушіні күтеді. Себептері бірнеше. Біріншісі, куәні жеке тұлға ретінде құрметтемеу. Екінші, осындай тәсілмен куәге қысым көрсету.

ҚР ҚІЖК, 210-бап 2 б. Жауап алуға шақырылған адамға оның кім ретінде, қандай қылмыстық іс бойынша жауап алынатыны хабарланады, ҚІЖК-де көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы белгі хаттамада жасалады.

Сіз сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қылмыстық істі егжей-тегжейлі сипаттауға міндетті екенін, яғни іс қандай факт бойынша және кімге қатысты қылмыстық іс қозғалғанын хабарлауға міндетті екенін **білуге тиіссіз**.

Сіздің құқықтарыңыз. Куәгер тергеушіге жауап алуды бастамас бұрын қандай факт бойынша және кімге қатысты іс қозғалғаны туралы сұрақ қоюға құқылы. Бұл мәселе іс үшін маңызды жағдайларды анықтау үшін сондай-ақ тергеушінің сұрақтары іске қатысты ма, жоқ па, соны анықтау үшін қажет.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Тергеушілер жауап алу алдында куәгерге қылмыстық іс туралы фактілерді хабарламайды. Мұндай заңсыз іс-әрекеттер жиі орын алады, себебі: біріншіден, тергеушінің

ҚІЖК нормаларын білмеуі. Екіншіден, тергеушінің іс үшін маңызды емес сұрақтар қоюға деген ұмтылысы.

ҚР ҚІЖК 210-б. 3 б. ҚР ҚІЖК 210-б. 3 б. Жауап алу жауап алынатын адамға істің белгілі мән-жайлары туралы айту ұсынысынан басталады. Егер жауап алынатын адам іске қатысы жоқ мән-жайлар туралы айтса, оған бұл жөнінде ескертілу тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәға істің белгілі мән-жайлары туралы айтып беруді ұсынуға міндетті екенін **Сіздің білуіңіз тиіс**.

Сіздің құқықтарыңыз. Егер тергеуші ол жайында ұсынбаса, онда куә оған бұл міндетті «еске салуға» құқылы. Егер куә істің мән-жайы туралы ештеңе білмесе, тергеуші оған келгені үшін алғыс білдіріп жауап алуды аяқтауға міндетті.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Тергеушілер ешқашан куәге істің белгілі жағдайлары туралы айтуды ұсынбайды, бірақ бірден сұрақтар қоя бастайды. Бірінші себебі: ҚІЖК-ті білмеуі. Екінші себебі: істі білмеуі. Үшінші себеп: іске қатысы жоқ ақпарат алу.

ҚР ҚІЖК, 210-бап 4 б. Еркін әңгіме аяқталғаннан кейін жауап алынып отырған адамға айғақтарды нақтылауға және толықтыруға бағытталған сұрақтар қойылуы мүмкін. Жетелеуші сұрақтар қоюға тыйым салынады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның куәнің еркін әңгімесін нақтылайтын немесе толықтыратын сұрақтар қоюға ғана құқығы бар екенін **Сіздің білуіңіз тиіс.**

Сіздің құқықтарыңыз. Егер тергеуші куәнің еркін әңгімесін нақтыламайтын немесе толықтырмайтын сұрақтар қойса, онда куә мұндай сұрақтарға жауап бермеуге құқылы.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Тергеушілер әрдайым іс үшін маңызды емес сұрақтар қояды. Себептер жоғарыда көрсетілгендермен бірдей.

ҚР ҚІЖК, 60 және 194-баптар. Тергеуші немесе тергеушілер тобы тергеу әрекеттерін жүргізеді. ҚР ҚІЖК-нің 199-бабының 3-бөлігіне сәйкес хаттамада оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейінгі дәлдікпен көрсетіледі; тергеушінің лауазымы мен Т.А.Ә., тергеу әрекетіне қатысқан әрбір адамның Т.А.Ә. көрсетіледі.

Сіз тек тергеу жүргізетін тергеушінің бөлмеде болуға құқығы бар екенін және тек тергеушінің жауап алуға құқығы бар екенін **білуіңіз керек**.

Сіздің құқықтарыңыз. Егер сұрақтарды тергеушіден басқа адамдар қойған жағдайда, куәнің жауап алу хаттамасына осы адамдардың аты-

жөнін және олардың сұрақтарын енгізуді талап етуге құқығы бар. Куә мұндай талапты жауап алу хаттамасында өз қолымен жаза алады.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Кейде жауап алу кезінде тергеушіден басқа адамдар бөлмеге кіріп, сұрақтар қояды, кейде куәге қысым жасайды.

ҚР ҚІЖК, 199-бап 3 б. Хаттамада процестік әрекеттер орын алған тәртіппен, оларды жүргізу кезінде анықталған іс үшін елеулі мән-жайлар, сондай-ақ тергеу әрекетін жүргізуге қатысқан адамдардың арыздары жазылады.

ҚР ҚІЖК, 212-бап. «Жауап алу хаттамасы».

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алу барысында өзі айтқан барлық сөздерді жауап алу хаттамасында көрсетуге міндетті екенін **білуге тиіссіз**.

Сіздің құқықтарыңыз. Куә тергеушіден жауап алу кезінде айтылған тергеушінің барлық сөздерін хаттамада көрсетуді сұрауға құқылы. Егер тергеуші мұндай сұраудан бас тартса, онда куә жауап алу хаттамасында тергеушінің барлық сөздерін өз қолымен жаза алады.

Жиі кездесетін бұзушылықтар. Кейде тергеушілер куәлерге ауызша қысым жасайды, ал мұндай жағдайларда куәлердің мұндай ауызша қысымдарды көрсету туралы өтініші тергеушілердің заңсыз әрекеттерін тоқтатады.

БІЗДІҢ БАЙЛАНЫС:
«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ»: **+7 (7172) 49-77-81**
ЖОБА ҮЙЛЕСТІРУШІСІ: **+ 7 701 199 14 14**
САЙТ: **https://zdravunion.kz**
E-MAIL: **medadvocataqniet@zdravunion.kz**

II. КҮДІКТІНІҢ ЖАУАП АЛУ КЕЗІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ
(ҚР ҚІЖК 64-бабымен регламенттеледі)

Күдіктінің жауап алу кезіндегі құқықтары ҚР ҚІЖК-нің 64-бабымен реттеледі, оған сәйкес күдіктінің құқықтары:

- ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға;
- өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге;
- қорғаушы шақыруға;
- таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге;
- күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге;
- азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға;
- түсініктемелер мен айғақтар беруден бас тартуға;
- дәлелдемелерді ұсынуға;
- өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге;
- ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге;
- аудармашының тегін көмегін пайдалануға;
- өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық құдалау органының рұқсатымен қатысуға;
- өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге;
- тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге;
- өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға.

Жауап алуды тергеуші өзінің жұмыс кабинетінде немесе жауап алынып отырған адамның орналасқан жері бойынша жүргізуі мүмкін. Тергеу органының кабинетінде жауап алуды жүргізу қажет болған жағдайда жауап алынып отырған адам алдын ала жауап алуға шақыру қағазымен шақырылады. Шақыру қағазы жауап алуға шақырылатын адамға қолхатпен беріледі не байланыс құралдарының көмегімен беріледі. Сондай-ақ, шақыру қағазы жауап алынатын адамның отбасының кәмелетке толған мүшесіне, көршілеріне тапсырылуы не оның жұмыс немесе оқу

орны бойынша әкімшілікке берілуі мүмкін, олар жауап алуға шақырылатын адамға шақыру қағазын беруге міндетті.

Жауап алуға шақырылған адам дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда күштеп әкелінуі (адамды тергеушіге мәжбүрлеп жеткізу) мүмкін екенін есте сақтау қажет. Бұл сондай-ақ бұлтартпау шарасын өзгерту үшін негіз болуы мүмкін. Сондықтан тергеушіге келмеу себептері туралы алдын-ала хабарлауды және мүмкіндігінше тергеушіге тіркелген хатпен немесе факс арқылы растайтын құжаттарды, мысалы, еңбекке жарамсыздық парағын жіберуді ұсынамыз.

Күдікті болып *(ҚР ҚІЖК 64-бап):*

1) өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы прокурормен келісілген қаулы шығарылған;

2) ҚІЖК 131-бабының тәртібімен ұстап алынған;

3) өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы прокурор не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам прокурормен келісілген қаулы шығарған;

4) қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам **табылады**.

2. Қылмыстық қудалау органы ұстап алу кезінде, күдіктінің қатысуымен кез келген тергеу әрекеттерін жүргізуді бастамас бұрын дереу күдіктіге оның осы ҚІЖКде көзделген құқықтарын түсіндіруге міндетті, ол туралы ұстап алу хаттамасында, күдіктіден жауап алу хаттамасында және адамды күдікті деп тану және күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыларда белгі жасалады.

3. Күдікті ұстап алынған жағдайда ұстап алу туралы хаттама жасалған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, оның өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия кездесу құқығы қамтамасыз етіле отырып, одан жауап алынуға тиіс. Ұстап алынған күдікті өзінің тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған жері туралы телефон арқылы немесе өзге де тәсілмен дереу хабарлауға құқылы.

Ұстап алу туралы хабар сотқа дейінгі тергеп-тексеруге кедергі келтіруі мүмкін деп пайымдауға негіздер болған кезде, ұстап алуды жүзеге асырған қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы ұстап алынған адамның кәмелетке толған отбасы мүшелерін, жақын туыстарын өзі хабардар ете алады. Мұндай хабарлау кейінге қалдырылмай жасалуға тиіс. Осындай хабарлау фактісі туралы ұстап алу хаттамасында белгі жасалады, онда ұстап алынғаны туралы хабарлаудың уақыты мен тәсілі көрсетіледі.

4. Күдікті қылмыстық қудалау органына келуден жалтарған жағдайда, одан күдіктің мәні бойынша ол күштеп әкелінгеннен кейін дереу, ал қалған жағдайларда – қорғаушымен оңаша кездесу құқығын сақтай отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталардан кешіктірілмей жауап алынуға тиіс.

5. Күдіктіден оған қарсы қолда бар күдікке қатысты, сол сияқты іс бойынша маңызы бар, оған белгілі өзге де мән-жайлар және дәлелдемелер жөнінде жауап алынуға тиіс.

6. Егер күдікті бірінші жауап алу басталғанға дейін өзінің айғақтар беруден бас тарту құқығын пайдаланбаса, оған өзінің айғақтары қылмыстық процесте, оның ішінде кейіннен ол осы айғақтардан бас тартқан кезде де дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы ескертілуге тиіс.

7. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы күдікті негізсіз деп тапса, осы ҚІЖК белгіленген тәртіппен оған қатысты қолданылған процестік мәжбүрлеу шараларының күшін жоюға дереу шаралар қолдануға міндетті.

8. Адамның күдікті жағдайында болуы ол айыпталушы мәртебесін алған немесе оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылған кезден бастап тоқтатылады.

Күдікті құқылы*(ҚР ҚІЖК 64-бап, т. 9):*

1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға;

2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге;

3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық құдалау органы осы ҚІЖК-тің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;

4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға;

5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге;

6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге;

7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға;

8) айғақ беруден бас тартуға;

9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға;

10) дәлелдемелерді ұсынуға;

11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге;

12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге;

13) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

13-1) өзіне қатысты сотқа дейінгі пробацияны жүргізу үшін пробация қызметіне жүгінуге;

14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға;

15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға;

16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процестік келісімді жасасуға;

16-1) қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс туралы іс бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы өтінішхат мәлімдеуге;

17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге;

18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге;

19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға;

20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде осы ҚІЖК-ның 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға;

21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы ҚІЖК-мен белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге;

22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге;

23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға;

24) өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

Күдіктінің қорғаушысының немесе заңды өкілінің болуы күдіктінің қандай да бір құқығын жою немесе шектеу үшін негіз бола алмайды.

Сондай-ақ, «**Куәнің жауап алу кезіндегі құқығын**» оқып шығуды ұсынамыз (жоғарыдан қараңыз)

III. АЙЫПТАЛУШЫНЫҢ ЖАУАП АЛУ КЕЗІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ
(ҚР ҚІЖК 65-бабымен регламенттеледі)

Айыпталушы болып өзіне қатысты:

1) прокурор айыптау актісін бекіткен, бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекіткен;

2) прокурор қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекіткен және қылмыстық істі қылмыстық заңның тиісті бабы (баптары) бойынша сотқа жіберу туралы шешім қабылдаған;

3) сотқа дейінгі тергеп-тексеру осы ҚІЖК-ның 617-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен процестік келісім жасасу арқылы аяқталған адам танылады.

Айыпталушы ҚР ҚІЖК 64-бабының 9-бөлігінде көзделген құқықтарды пайдалануға **құқылы** (жоғарыдан қараңыз), сондай-ақ:

1) өзінің не үшін айыпталып отырғанын білуге;

2) прокурор бекіткен айыптау актісінің, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың көшірмесін алуға;

3) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыт пен мүмкіндікке ие болуға;

4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға;

5) тергеп-тексерудің кез келген сатысында процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға, процестік келісімнің көшірмесін алуға;

6) осы ҚІЖК-да көзделген жағдайларда, қылмыстық істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы.

Сондай-ақ, «**Куәнің жауап алу кезіндегі құқығын**» оқып шығуды ұсынамыз (жоғарыдан қараңыз)

IV. СОТТАЛУШЫНЫҢ, СОТТАЛҒАН АДАМНЫҢ, АҚТАЛҒАН АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ
(*ҚР ҚІЖК 65-бабымен регламенттеледі*)

Өзіне қатысты сот талқылауы тағайындалған, ал жекеше айыптау істері бойынша өзіне қатысты шағымды сот өзінің іс жүргізуіне қабылдаған айыпталушы сотталушы деп аталады.

Өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған сотталушы сотталған адам деп аталады.

Өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы ақталған адам деп аталады.

Сотталушының:

1) бірінші және апелляциялық сатылардағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға;

2) қорғаушы тараптың барлық құқықтарын, сондай-ақ соңғы сөз құқығын пайдалануға;

3) сот талқылауының кез келген сатысында процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға;

4) жасалған процестік келісімнен сот шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне кеткен кезге дейін бас тартуға;

5) жария сот талқылауын талап етуге;

6) істі тоқтатуға қарсылық білдіруге құқығы бар.

Сотталған адамның немесе ақталған адамның:

1) сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертулер беруге;

2) соттың үкіміне, қаулысына, судьяның қаулысына шағым жасауға және шағым жасалған шешімдердің көшірмелерін алуға;

3) іс бойынша келтірілген шағымдар, прокурордың өтінішхаттары және наразылықтар туралы білуге, оларға қарсылықтар беруге;

4) келтірілген шағымдардың, прокурор өтінішхаттарының және наразылықтардың сотта қаралуына қатысуға;

5) ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға құқығы бар.

Айыпталушыда қорғаушысының немесе заңды өкілінің болуы айыпталушының қандай да бір құқығын жоюға немесе шектеуге негіз бола алмайды.

Сондай-ақ, «**Куәнің жауап алу кезіндегі құқығын**» оқып шығуды ұсынамыз (жоғарыдан қараңыз)

Денсаулық сақтау саласындағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің нормалары (80, 80-1, 81, 82-баптар)

80-бап 1 б.: медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын, медициналық көмек көрсету ережелерін өрескел бұзу, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс – әрекет белгілері болмаса, жеке тұлғаларға – **10 айлық есептік көрсеткіш** (**АЕК**) мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға – 25 АЕК мөлшерінде, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және коммерциялық емес ұйымдарға – 35 АЕК мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілеріне-50 АЕК мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне-70 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

81-бап 1 б.: медицина қызметкерінің еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақты немесе анықтаманы беру қағидаларын бұзуы ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға **- 5 АЕК мөлшерінде**, лауазымды адамдарға 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

82-бап: медицина қызметкерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген дәрілік заттарды өткізу қағидаларын және рецептер жазып беру жөніндегі талаптарды бұзуы жеке тұлғаларға - **5 АЕК мөлшерінде**, лауазымды адамдарға 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (1 б.).

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол іс-әрекет Денсаулық сақтау саласындағы маман **сертификатынан айыра отырып не онсыз жеке тұлғаларға - 10 АЕК мөлшерінде**, лауазымды адамдарға 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (2-б.).

Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің заңды қызметін қорғау мақсатында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске 2020 жылы мынадай редакциядағы жаңа 80-1-бап енгізілді:

Медицина және (немесе) фармацевтика қызметкерлерінің кәсіптік қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіру, сол сияқты олардың кәсіптік қызметіне:

1) қылмыстық жауаптылыққа алып келмейтін заңсыз әрекеттер жасауды талап етуден;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, медицина және (немесе) фармацевтика қызметкерлерін өздерінің кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартудан;

3) медицина және (немесе) фармацевтика қызметкерлерінен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдырудан;

4) медицина және (немесе) фармацевтика қызметкерлеріне тауарларды (жұмыстарды) және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттерді жүктеуден көрінген **заңсыз араласу - жеке тұлғаларға - отыз, лауазымды адамдарға - елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді**.

2. Медицина және (немесе) фармацевтика қызметкерлеріне өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде былапыт сөйлеуден, әбес қылықтар (белгілер) мен заттар көрсетуден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы, лайықсыз мінез-құлықтан, мазақ қылудан көрінген **құрметтемеушілік таныту - жеке тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді**.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер - **жеке тұлғаларға - елу**, лауазымды адамдарға - жетпіс, заңды тұлғаларға бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер - **он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға** алып келеді.

МҰНЫ ӘРБІРІ БІЛУІ КЕРЕК

№ 1 ЕРЕЖЕ

БІЗДІҢ АДВОКАТ КЕЛГЕНГЕ ДЕЙІН ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН СӨЙЛЕСПЕҢІЗ! Бұл әлемнің кез-келген жерінде кез-келген адам білуі керек ең маңызды және негізгі ереже.

№ 2 ЕРЕЖЕ

СІЗДІ ҰСТАУ НЕМЕСЕ КУӘ РЕТІНДЕ ТАРТУ КЕЗІНДЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ТҮСІНДІРУГЕ НЕМЕСЕ ОЛАРМЕН КЕЛІСУГЕ ЕШҚАШАН ТЫРЫСПАҢЫЗ!

№ 3 ЕРЕЖЕ

СІЗДІҢ КЕЗ-КЕЛГЕН СӨЗІҢІЗ СІЗГЕ ҚАРСЫ БОЛУЫ МҮМКІН. КЕЗ КЕЛГЕН!!! Сіз айтқан бірде-бір сөз ешқашан сіздің пайдаңызға қолданылмайды, бірақ әрқашан сізге қарсы қолданылады.

№ 4 ЕРЕЖЕ

Өзіңіздің заңды құқықтарыңызды ҰМЫТПАҢЫЗ, атап айтқанда: «қорғаушыны шақыру құқығын», «үнсіздік сақтау құқығы мен айтылғандарыңыздың сотта қарсы қолданылу мүмкіндігін» және «кінәсіздік презумпциясын».

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өзіне, жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына (ата-аналар (ата-ана), балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері) ҚАРСЫ АЙҒАҚТАР БЕРМЕУГЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ БАР. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәлік беруге міндетті емес (ҚР Конституциясының 77-б).

Денсаулық сақтау субъектілерінің барлық жұмыскерлерін әрі «AQNÌET» Кәсіподағы мүшесі болып табылатын кез келген тұлғаны құқық қорғау, сот органдары, мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлері алдында, жұмыс берушілермен және басқа да заңды және жеке тұлғалармен қарым-қатынастарда құқықтарын қорғау және мүдделерін білдіру үшін «AQNÌET» Кәсіподағының төмендегі контактілеріне ЖҮГІНУГЕ ШАҚЫРАДЫ:

«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ» БОЙЫНША»:
Тел.: +7 (7172) 49-77-81;
моб.:+ 7 701 199 14 14 (WhatsApp)
сайт: https://zdravunion.kz
электрондық пошта: medadvocataqniet@zdravunion.kz

БІЗДІҢ КӘСІПОДАҚҚА КІРУ ҮШІН НЕМЕСЕ БАСТАУЫШ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫН ҚҰРУ ҮШІН БІЗБЕН ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

БІЗДІҢ БАЙЛАНЫСТАРЫМЫЗ:

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ АКЦИЯ «МЕДИЦИНСКИЙ АДВОКАТ» ПРОФСОЮЗА «AQNÌET»

В Казахстане ежегодно заводятся порядка **600-800 дел по статьям 317-323 Уголовного кодекса Республики Казахстан**. Однако, не по всем правонарушениям возбуждаются уголовные дела. Как правило, уголовные дела возбуждаются, но во время следствия закрываются за их недоказанностью.

С 2016 по 2019 годы в суды по статье 317 УК РК поступило **39 уголовных дел**. Из указанных дел, 35 рассмотрено с вынесением приговоров в отношении 55 лиц. Рассмотренные судами уголовные дела по составам преступлений: ст. 317 часть 1 - 3 дела/3 медицинского работника; ст. 317 часть 2 - 5 дел/7 медицинских работников; ст. 317 часть 3 - 21 дело/34 медицинских работников. **В 2020 году 6 медицинских работников** совершили уголовные правонарушения по статье 317 УК РК.

